

**"Қызылжар ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атау беру туралы"  
Қызылжар ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 1 шешіміне  
өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 22 тамыздағы № 5 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 қыркүйекте № 5081 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына және "Мәртөк ауданының Андреевка селосын Қызылжар ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен Ақтөбе облысы әкімдігінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 244 қаулысымен Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 394 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3314 болып тіркелген), "Мәртөк ауданының Студенческое селосын Бөрте ауылы деп қайта атау туралы" бірлескен Ақтөбе облысы әкімдігінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 245 қаулысымен мен Ақтөбе облысы мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 395 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3315 болып тіркелген) сәйкес, Қызылжар ауылдық округінің әкімі

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылжар ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 1 " Қызылжар ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атау беру туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-8-69 болып тіркелген, 2009 жылғы 7 қаңтарда "Мәртөк тынысы" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің орыс тіліндегі тақырыбында "наименования" деген сөзі "наименований" сөзімен ауыстырылсын;

шешімнің 1 тармағы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қызылжар ауылдық округі елді мекендерінің көшелеріне келесі атаулар берілсін

:

Қызылжар ауылында – Есет Батыр, Абай Құнанбаев, 10-жылдық Астана, Еңбек;  
Бөрте ауылында – Абай, Бейбітшілік, Есет Батыр, Жағалау, Ыбырай Алтынсарин, Болашақ, Орталық;

Шевченко ауылында – 10-жылдық Астана, Тәуелсіздік, Мұхтар Әуезов, Ф.Ф.Озмитель, Ардагерлер, Қобыланды батыр."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ